ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
## электрондық ғылыми журнал

ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
## электронный научный журнал

ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
# electronic scientific journal

**Құрылтайшы:**
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редактор**
Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

**Редакциялық алқа:**
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан), Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов, У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

**Жауапты редактор:**
З. Төленова

**Редактор:**
Р. Көбеев

**Редакцияның мекен-жайы:**
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель и издатель:**
«Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

**Главный редактор**
Абжанов Ханкелди Махмутович

**Редакционная коллегия:**
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали, Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков, Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан), Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков, У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

**Ответственный редактор:**
З. Толенова

**Редактор:**
Р. Кубеев

**Адрес редакции:**
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г.
Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

**Founder and publisher:**
“Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

**Editor-in-chief:**
Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

**Editorial board:**
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali, N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov, Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov, W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

**Executive editor:**
Z. Tolenova

**Editor:**
R. Kobeev

**Editorial address:**
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ӘОЖ 903.53(574)

## БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Ғ.Қ. Омаров, Е.М. Куркеев**
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Андатпа.** Мақалада Еуразия кеңістігінде кеңінен таралған, соңғы қола және ерте темір дәуірлерімен мерзімделетін бұғытастардың этникалық тәуелділігі мәселесі қарастырылады. Сынтастар таралған аймақтағы халықтардың антропологиялық және тілдік ерекшеліктері талданып, бұл ескерткіштерді қалдырған тайпалардың шығу тегі мен этномәдени байланыстары сараланады. Авторлар посткеңестік кеңістіктегі зерттеушілердің еңбектеріне кең көлемде тарихнамалық талдау жүргізіп, олардың негізгі ғылыми тұжырымдарын салыстырмалы тұрғыдан бағалайды. Сонымен қатар, бұғытастардың таралу аймағы, көркемдік ерекшеліктері мен семантикалық мазмұны археологиялық және этномәдени деректер негізінде зерделенеді. Зерттеу нәтижесінде бұғытастардың Еуразия көшпелілерінің этникалық тарихын, мәдени сабақтастығын және рухани дүниетанымын айқындайтын маңызды тарихи дереккөздердің бірі екендігі көрсетіледі.
**Түйін сөздер.** Бұғытас, сынтас, мәдениет, скиф, киммерийлер, скифтік-сібірлік өнер, абхаз-адыгей.

## ЭТНИЧЕСКАЯ ПРИНАДЛЕЖНОСТЬ ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ

**Г.К. Омаров, Е.М. Куркеев**
*Казахский национальный университет им. аль-Фараби*

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема этнической принадлежности оленных камней, широко распространённых на пространстве Евразии и датируемых эпохой поздней бронзы и раннего железного века. Анализируются антропологические и языковые особенности населения территорий распространения этих памятников, а также исследуются происхождение и этнокультурные связи племён, оставивших данные монументы. Авторы проводят широкий историографический анализ трудов исследователей постсоветского пространства, сопоставляя и оценивая их основные научные концепции. Кроме того, на основе археологических и этнокультурных материалов рассматриваются ареал распространения оленных камней, их художественные особенности и семантическое содержание. В результате исследования показано, что оленные камни являются одним из важнейших исторических источников, отражающих этническую историю, культурную преемственность и духовное мировоззрение кочевников Евразии.
**Ключевые слова.** Оленный камень, стелла, культура, скиф, киммерийцы, скифо-сибирское искусство, абхазо-адыгей.

## ETHNIC GROUP OF DEER STONES

**G.K. Omarov, E.M. Kurkeyev**
*Al-Farabi Kazakh National University*

**Abstract.** This article examines the issue of the ethnic affiliation of deer stones, which are widely distributed across Eurasia and date to the Late Bronze Age and the Early Iron Age. The study analyzes the anthropological and linguistic characteristics of the populations inhabiting the regions where these monuments are found and investigates the origins and ethnocultural connections of the tribes that

created them. The authors provide a comprehensive historiographical review of the works of post-Soviet scholars, comparing and critically evaluating their principal academic interpretations. In addition, the geographical distribution, artistic features, and semantic content of the deer stones are examined on the basis of archaeological and ethnocultural evidence. The study demonstrates that deer stones constitute one of the most significant historical sources for understanding the ethnic history, cultural continuity, and spiritual worldview of the nomadic peoples of Eurasia.
**Keywords.** Deer stone, stella, culture, Scythians, Cimmerians, Scythian-Siberian art, Abkhaz-Circassians.

**Кіріспе.** Бұғытастардың этникалық сипаты жайлы мәселе ғылымда әлі де болса өз орнын таба қойған жоқ. Сынтастардың қандай мәдениетке немесе қандай этникалық топқа тиесілі екендігін анықтауда осы бұғытастар бетіне салынған бейнелердің аса маңызды екені анық. Бұғы бейнесі скиф-сібірлік мәдениетте кең таралған. Ол Еуразияның далалы аймағында қолданбалы өнер мен петроглифтерде жиі кездеседі. Дегенмен, скифтік жазба мәдениетінің болмауы немесе бізге жетпеуі бұл ескерткіштерді белгілі бір этникалық топқа тән деп қорытынды жасай салу қателігіне ұрындырары анық.

Аталған ескерткіштердің нақты мерзімделуін уақытын анықтау этникалық мәселелерге де жауап берері сөзсіз. Алайда, бұғытастар әр аймақта әр түрлі ескерткіштер тобымен қатар жүріп, бір мәдениетке тиісті емес екендігімен мәселені қиындата түседі [1, 89-б.].

Батыс бөліктегі сынтастарды ғылымда «киммерийлік сынтастар (стелалар)» деп атаумен олардың этникалық тәуелділігін анықтағандай. Н.Л. Членова Солтүстік Кавказдық сынтастарды б.з.д. VII ғасырлармен кезеңдеп, киммерийліктерге тән екендігін өз еңбегінде тұжырымдаған болатын [2, 75-б.]. Дегенмен, аталған этникалық топ жайлы жазба әдебиеттерде кездескенімен, қандай археологиялық нысанның киммерийліктердің мұрасы екені әлі де болса басы ашық мәселе. Абхаз-адыгей тіл семьясында сөйлейтін халықтар ежелден Солтүстік-Батыс Кавказ жерін мекендеген болса да, бұл тілде ежелгі тайпалардың қайсысы сөйлегендігі әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

Сондай-ақ Азиялық бөлік бұғытастарының Еуропалық сынтастардан айырмашылығына қарап батыс аймақтың сынтастарын қалдырушылар бұл өлкеге шығыстан ауып келген деген тұжырым орныққан. Киммерийліктер сынтастарды қашаушылар болса, ал олардың кейіннен қайда кеткені жайлы сұрақ өз жауабын таппаған, ал Кавказды мекендеген меот тайпаларын киммерийліктердің тікелей ұрпағы деген де болжамдар бар [2, 64-б.].

Л.И. Лавров Қырымдағы тавр, синд, меот, керкет, торет, ахей, зих және т.б. ұсақ тайпаларды абхаз-адыгей халықтарының протобабалары ретінде көреді. В.П. Шилов та топонимикалық зерттеулердің нәтижесінде меоттықтарды адыгей тілінде сөйлеген деген қорытындыға келген. С.А. Токарев болса синд, меот, және тореттерді черкес халықтарының ата-бабаларына телиді. Осыған орай ғылымда киммериліктер қазіргі абхаз-адыгей халықтарының арғы тегі деген болжамдар орын алған [3, 221-б.].

1960-70 жылдары бұл тұжырымға қарсы пікірлер де белең алды. Мұның басты себебі киммерийліктерді Солтүстік Кавказға көшіп келген көшпелі тайпалар деген ойлардың қалыптасуында. Сондай-ақ киммерийліктер мен скифтерді еш дәлелсіз иран тілді тайпалар деп көрсете бастады. Кейіннен Л.И. Лавров меот, синд тайпалары адыгейліктердің ата-бабасы деген тұжырымға қарсы шықты. Ғалымның осындай қорытынды жасауына О.Н. Трубачевтың Солтүстік Қара теңіз жағалауында иран тілді тайпалармен қатар үндіарийлік тілде сөйлеген халықтар да мекендеген және меот, синд, тавр, киммерийліктер солардың қатарынан деген тұжырымы әсер еткен болса керек. Аталған аумақтардың топонимикалық атауларына көз жүгірткен ғалымдар шынымен де үндіарийлік тайпалардың осы аудандарда болғандығын дәлелдегендей [4, 38-41-бб.].

О.Н. Трубачев киммерийліктер Тамань аралының солтүстік бөлігін мекендеді деген ойды айтқан болатын [5, 40-б.]. Алайда, кезінде атағы жер жарған халық сондай шағын

территорияда ғұмыр кешуі мүмкін емес еді. Тіпті, киммерийліктерді жеке этниклық топ ретінде қарастырмай, белгілі бір халықтың осы аудандарға қоныс аударған бір бөлігі деген көзқарастар да болды. Дегенмен, киммерийліктердің шығу тегі, мекен ортасы, олардың қазіргі таңдағы ұрпақтары жайлы сауалдардың басы ашық мәселе.

Азиялық ареалдың бұғытастарына келетін болсақ, бұл аудан бұғытастары ерте скифтік кезеңде тұрғызылған. Еуразия кеңістігінде табылған барлық бұғытастардың 80% моңғол-забайкалдық типке жатады (1-сурет), ал бұл сынтастар болса өз кезегінде қарасұқ кезеңімен мерзімделеді. Қалған бұғытастар скифтерге дейінгі және ерте скифтік кезеңдерде қашалған. Соңғы қола кезеңі мәдениеттерінде бұғытастарда бейнеленген соғыс каруларының түрлері мүлде кездеспейді. Бұғытастар таралған Азиялық бөлікте скифтердің жерлеу орындарының екі түрі кезігеді. Оның бірі – тақтатас қорғандар. Мұндай жерлеу орындары Байкал маңы, Маньчжурия, Орталық және Шығыс Моңғолия территорияларына таралса, осы жерден скифтік тағы бір мәдениет іздері – қорғандар (обалар) басталады. Обалар Батыс Моңғолия, Тыва, Алтай, Шығыс Қазақстанды қамтиды. Жерлеу дәстүрімен бірге нәсілдік белгілері арқылы ерекшеленеді. Тақтатас қорымдарда «моңғолоид» жерленсе, обаларда «еуропоидтар» жерленген [6, 100-102-бб.].

Бұғытастарды тұрғызу скифтік-сібірлік өнердің ең бастапқы кезеңіне тән және осы өнер бұғытастардан бастау алады. Сынтастар жылқыны қолға үйрете бастаған уақыттан бастап тұрғызыла басталуы мүмкін. Б.з.д. IX-VII ғасырлар бұғытастардың тұрғызылуының ең дамыған уақыты. Өйткені, б.з.д. VIII ғасырларда бұл мәдениет құлдырай бастайды. Оның басты көрінісі осы уақытта бүкіл Еуразия даласында бұғытастардың қарапайым түрлерінің тарала бастауы [1, 47-бб.].

Бұғытастардың ең ерте кезеңін анықтауда андроновтық жерлеу дәстүріндегі сынтастар тұрғызуды ерекше атап кетуге болады. Дегенмен, андроновтық мәдениеттің жерлеу орындары бұғытастар таралған Тыва, Моңғолия аумағында кездеспейді. Барлық мағлұматтарды талдай, сараптай келе ғалымдар бұғытастар көшпелі мәдениеттің қалыптасу кезеңінің ең алғашқы уақытында тұрғызыла бастаған деген пікірге саяды. Бұғытастардағы қару түрлерінің бәрі қарасұқ мәдениетінде кездескенімен, алайда Моңғолия территориясында скифтік заттар табылған жоқ [7, 126-бб.].

Сынтастардың қашалу уақытымен қатар андроновтық, монгун-тайгалық мәдениет және херексурлар дамыды. Сынтастардың андроновтық мәдениетіне жақындығын бұғытастарда қашалған ат арбаның бейнесінен де көруге болады. Себебі, арба андроновтықтардың басты жетістігі, дәл осы уақытта ат арбалар кең тарала бастады [8, 36-бб.]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан бұғытастарды бір ғана мәдениетке немесе археологиялық нысанға таңып қою қателік, оған тағы бір айқын дәлелі бұғытастардың жекелей де, ешқандай жерлеу орнынсыз да орнатыла бергендігінде.

Азиялық бұғытастарды қашаушылардың бір бөлігі Европалық бөлікке қоныс аударып, бұғытастар мәдениетін сол аудандарда таратады. Сынтастар батыс аймақта өзгеріске ұшырай бастайды. Қоныс аударушылардың жүріп өткен территориясы мен бұғытастардағы өзгерістерді байқау мақсатында осы екі аймақты қосып жатқан Қазақстан мен Қырғызстан территорияларының сынтастары басты дерек көзі бола алады. Қазақстан аумағында сынтастардың «классикалық», яғни, моңғол-забайкалдық типі мен саян-алтайлық типі кездеседі (2-сурет). Қырғызстан аумағының тастары да осы топтан, осыған қарағанда бұғытастар мәдениетінің бір тобы Қазақстан арқылы Қырғызстанға қоныс аударуы да мүмкін [9, 39-бб.].

Европада сынтастар черногоров кезеңіндегі ескерткіштермен қатар орналасады. А.А. Ковалев батыс аймақ сынтастарының бастамасын Азиялық аумақтан қарастыру керек екендігін тілге тиек етеді. Осыған сәйкес черногоровтық халық Солтүстік Қара теңіз аралығына көшіп келген. Сондықтан да черногоровтықтардың ертеректегі бастамасын шығыстан қарастырған жөн болады.

Археолог А.А. Ковалев Оңтүстік Алтайлық жануар бейнелері кездеспейтін бұғытастар Саяндағы жануар бейнелері қашалған сынтастармен бірге тұрғызылған, тек бұл кезеңде «аңдық стиль» Оңтүстік Алтайда әлі де болса жетіле қоймағандығын айтады. Бұл черногоровтық мәдениетте «аржандық» кейбір аналогтардың табылуына жауап болуы да мүмкін. Себебі, черногоровтықтардың бейнелеу өнерінде де жануарларды бейнелеу кенже қалған. Бұғытастардың екі типін әр түрлі мәдениет өкілдері қашап қалдыруы қате пікір [10, 159-бб.].

Черногоровтықтардың шығыстан батысқа басып кірген халық екені рас болса, оларға тиесілі ескерткіштерді шығыстан да іздеген дұрыс. Осыған орай, Булган гол өзені аралығындағы жерлеу орындарында бұғытастармен қатар черногоровтық параллельдер кезігеді. О.Р. Дубовский черногоровтықтарға тән ескерткіштердің Тывада, Синьцзянда, Енисейдің ортаңғы ағысында бар екенін айтады. Бұл черногоровтық халықтың бастауыныг алғашқы кезеңінде азиялық бөлікте мекендегенінің тағы бір дәлелі іспеттес [11, 66-б.].

Қорытындылай келгенде, бұғытастардың этникалық сипатын анықтауда олардың әр ауданда әр түрлі ескерткіштер тобы мен әр түрлі мәдениетпен қатар жүретіндіктен де қиынға соғып отыр. Бірақ, осы тақырыпта зерттеулермен айналысқан ғалымдардың дені бұғытастардың скифтік кезеңге дейін тұрғызыла бастағанын қолдайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кубарев В.Д. Древние изваяния Алтая (оленние камни) / В.Д: Кубарев; отв. ред: Е.М. Тощакова; АН СССР. СО. Ин-т истории, филологии и философии.– Новосибирск: Наука, СО, 1979. – 120 с.
2. Членова Н.Л. Оленные камни как исторический источник (на примере оленных камней Северного Кавказа). – Новосибирск: Наука, 1984. – 99 с.
3. Токарев С.А. Этнография народов СССР. – М., 1958, – 465 с.
4. Лавров Л.И. Историко-этнографические очерки Кавказа. – Л., 1978. – 226 с.
5. Трубачев О.Н. К вопросу о языке индоевропейского населения Приазовья // Античная балканистика (предварительные материалы). – М., 1975. – 196 с.
6. Добжанский В.Н. К вопросу о хронологии и культурной принадлежности оленных камней Монголии // Скифо-Сибирский мир. Искусство и идеология. – Новосибирск: Наука. 1987. – С. 99-102.
7. Савинов Д.Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. – Спб.: СпбГУ. 1994. – 208 с.
8. Волков В.В. Оленные камни Монголии. – М.: Научный мир. 2002. – 248 с.
9. Табалдиев К.Ш. Древние памятники Тянь-Шаня. – Бишкек: V.R.S. Company. 2011. – 320 с.
10. Ковалев А.А. О происхождении оленных камней западного региона // Археология, палеоэкология и палеодемография Евразии. Сборник статей. – М.: ГЕОС. 2000. – С.138-180.
11. Дубовская О.Р. Локальные зоны черногоровской культуры (по материалам скорченных погребений) // РА. - 1994. – № 2. – С. 63-74.

**References**

1. Kubarev V.D. Drevnie izvayaniya Altaya (olennie kamni) / V.D: Kubarev; otv. red: E.M. Toshhakova; AN SSSR. SO. In-t istorii, filologii i filosofii. – Novosibirsk: Nauka, SO, 1979. – 120 s.
2. Chlenova N.L. Olennye kamni kak istoricheskij istochnik (na primere olennyx kamnej Severnogo Kavkaza). – Novosibirsk: Nauka, 1984. – 99 s.
3. Tokarev S.A. Etnografiya narodov SSSR. – M., 1958, – 465 s.
4. Lavrov L.I. Istoriko-etnograficheskie ocherki Kavkaza. – L., 1978. – 226 s.

5. Trubachev O.N. K voprosu o yazyke indoevropejskogo naseleniya Priazovya // Antichnaya balkanistika (predvaritelnye materialy). – M., 1975. – 196 s.

6. Dobzhanskij V.N. K voprosu o xronologii i kulturnoj prinadlezhnosti olennyx kamnej Mongolii // Skifo-Sibirskij mir. Iskusstvo i ideologiya. – Novosibirsk: Nauka. 1987. – S. 99-102.

7. Savinov D.G. Olennye kamni v kulture kochevnikov Evrazii. – Spb.: SpbGU. 1994. – 208 s.

8. Volkov V.V. Olennye kamni Mongolii. – M.: Nauchnyj mir. 2002. – 248 s.

9. Tabaldiev K.Sh. Drevnie pamyatniki Tyan-Shanya. – Bishkek: V.R.S. Company. 2011. – 320 s.

10. Kovalev A.A. O proisxozhdenii olennyx kamnej zapadnogo regiona // Arxeologiya, paleoekologiya i paleodemografiya Evrazii. Sbornik statej. – M.: GEOS. 2000. – S.138-180.

11. Dubovskaya O.R. Lokalnye zony chernogorovskoj kultury (po materialam skorchennyx pogrebenij) // RA. - 1994. – № 2. – S. 63-74.

* Мақала1038/ГФ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» атты ҚР БжҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды.

**МАЗМҰНЫ**

**Абдимомынов Н.Т.**
МИХАИЛ VIII ПАЛЕОЛОГ БИЛІГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1261-1282)
ВИЗАНТИЯНЫҢ АЛТЫН ОРДАМЕН САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ ……………………….……7

**Абдимомынов Н.Т.**
ТОҚТАМЫСТЫҢ ТЕМІРМЕН ҚҰНДЫЗША (1391 ж.) ЖӘНЕ ТЕРЕК (1395 ж.)
ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ ШАЙҚАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ……………………………...………16

**Атығаев Н.Ә.**
«ҚОЗЫ БАСЫ» МЕКЕНІНІҢ ОРНАЛАСУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ .......................................30

**Атығаев Н.Ә.**
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ДЕРЕКТЕР ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ
МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ ....................................................................40

**Баудиярова Қ.Б.**
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ..........................................................................................51

**Өрісәлі Дүйсен**
ҚИМАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР ....................................................59

**Ескекбаев Д.Б.**
МӘСКЕУ МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР ...............................................63

**Жайлыбаев Д.Ж.**
АУЫЛ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ ................................................70

**Жүнісбаев А.Ә.**
САҢЛАҚ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАСЫ: САНЖАР АСФЕНДИАРОВТЫҢ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ ...........................................................................................93

**Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.**
ТЕМІР ҰРПАҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ..................................................100
.
**Нұрмұханбетов Б., Амаргазиева А.Ж.**
«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЭПОСЫ КӨНЕ ДҮНИЕНІҢ
КЕСКІНДЕМЕЛІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕ ...........................................................................107

**Омаров Ғ.Қ., Куркеев Е.М.**
БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ ...........................................................................111

**Омарова Г.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ (тарихи-демографиялық талдау) ..............123

**Омарова Г.А.**
АЛМАТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ .......................................................128

**Рахымқұлов Д.А.**
ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ БІЛІМ АЛҒАН ГИМНАЗИЯЛАР ЖӨНІНДЕ
(XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы) ............................................................137

**Рахымқұлов Д.А.**
ӘШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС ...............144

**Рүстемов С.К.**
ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОСМАНДЫҚ ТҮРІКТЕР:
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН ..................................................................................165

**Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.**
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛА БАСТАУЫ ......................180

**Уайсова Ш.Н.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ ....................................................................193

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдимомынов Н.Т.**
ПОЛИТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ ВИЗАНТИИ С ЗОЛОТОЙ ОРДОЙ
В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МИХАИЛА VIII ПАЛЕОЛОГА (1261-1282) .................................. 7

**Абдимомынов Н.Т.**
ИСТОРИЯ СРАЖЕНИЙ ТОХТАМЫША С ТИМУРОМ
НА РЕКАХ КУНДУЗЧА (1391 г.) И ТЕРЕК (1395 г.) ............................................................16

**Атыгаев Н.А.**
К ВОПРОСУ О РАСПОЛОЖЕНИИ МЕСТНОСТИ «КОЗЫ БАСЫ» ......................................30

**Атыгаев Н.А.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ
ОТНОШЕНИЙ ЕВРАЗИИ ..........................................................................................................40

**Атыгаев Н.А.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО: ТЕРМИНОЛОГИЯ ИСТОЧНИКОВ КАК ОТРАЖЕНИЕ
ИСТОРИИ ГОСУДАРСТВА .......................................................................................................51

**Баудиярова К.Б.**
ИССЛЕДОВАНИЕ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ ..........................................................................59

**Орисали Дуйсен**
ВЗГЛЯДЫ НА ПРОИСХОЖДЕНИЕ КИМАКОВ ........................................................................63

**Ескекбаев Д.Б.**
ИСТОРИЧЕСКИЕ АРТЕФАКТЫ В АРХИВАХ МОСКВЫ .....................................................70

**Жайлыбаев Д.Ж.**
СЕЛЬСКАЯ ОБЩИНА И ЕЕ ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ .....................................................93

**Жунисбаев А.А.**
НАСЛЕДИЕ ВЫДАЮЩЕГОСЯ УЧЕНОГО:
О СБОРНИКЕ СОЧИНЕНИЙ САНЖАРА АСФЕНДИАРОВА ..............................................100

**Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.**
ИССЛЕДОВАНИЕ ТРУДОВ ПОТОМКОВ ТИМУРА ............. ..............................................107

**Нурмуханбетов Б., Амаргазиева А.Ж.**
ЭПОС «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ» В ПРИКЛАДНОМ
ЖИВОПИСНОМ ИСКУССТВЕ ДРЕВНЕГО МИРА ..........................................................111

**Омаров Г.К., Куркеев Е.М.**
ЭТНИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ ............................................................123

**Омарова Г.А.**
НАСЕЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (историко-демографический анализ) .............128

**Омарова Г.А.**
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НАСЕЛЕНИЯ АЛМАТЫ ..............................................137

**Рахымкулов Д.А.**
О ГИМНАЗИЯХ, ГДЕ ОБУЧАЛИСЬ КАЗАХСКИЕ ДЕТИ
(вторая половина XIX - начало XX вв.) ..........................................................................144

**Рахымкулов Д.А.**
АШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ И ОСВОБОДИТЕЛЬНАЯ БОРЬБА В ЖЕТЫСУ .......165

**Рустемов С.К.**
КАЗАХИ И ОСМАНСКИЕ ТУРКИ: ИЗ ИСТОРИИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ .....................180

**Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.**
НАЧАЛО СОЗДАНИЯ ПЕРВЫХ ШКОЛ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ .......................................193

**Уайсова Ш.Н.**
НАУЧНЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
СО СТРАНАМИ ВОСТОКА .....................................................................................................199

# CONTENTS

**Abdimomynov N.T.**
POLITICAL RELATIONS OF BYZANTIUM WITH THE GOLDEN HORDE
DURING THE REIGN OF MICHAEL VIII PALAIOLOGOS (1261-1282) ....................................7

**Abdimomynov N.T.**
THE HISTORY OF TOKHTAMYSH'S BATTLES WITH TIMUR
ON THE KUNDUZCHA (1391) AND TEREK (1395) RIVERS ....................................................16

**Atygayev N.A.**
ON THE ISSUE OF THE LOCATION OF THE "KOZY BASY" AREA ......................................30

**Atygayev N.A.**
THE KAZAKH KHANATE IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL
RELATIONS OF EURASIA .........................................................................................................40

**Atygayev N.A.**
KAZAKH KHANATE: TERMINOLOGY OF SOURCES AS A
REFLECTION OF STATE HISTORY ......................................................................................... 51

**Baudiyarova K.B.**
RESEARCH ON FAMILY STABILITY .........................................................................................59

**Orisali Duisen**
VIEWS ON THE ORIGIN OF THE KIMAKS ...................................................................................63

**Yeskekbayev D.B.**
HISTORICAL ARTIFACTS IN MOSCOW ARCHIVES .............................................................70

**Zhailybayev D.Zh.**
THE RURAL COMMUNITY AND ITS ETHNO-SOCIAL ROLE ................................................93

**Zhunisbayev A.A.**
THE LEGACY OF AN OUTSTANDING SCHOLAR: ON THE COLLECTION
OF WORKS OF SANZHAR ASFENDIAROV ..........................................................................100

**Ibragimova M.N., Nusupbayeva S.A.**
RESEARCH ON THE WORKS OF TIMUR'S DESCENDANTS ..............................................107

**Nurmukhanbetov B., Amargaziyeva A.Zh.**
THE EPIC "KOZY KORPESH - BAYAN SULU" IN THE APPLIED PAINTING
ART OF THE ANCIENT WORLD ...............................................................................................111

**Omarov G.K., Kurkeyev Y.M.**
THE ETHNIC CHARACTER OF DEER STONES ......................................................................123

**Omarova G.A.**
THE POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
(Historical and Demographic Analysis) ....................................................................................128

**Omarova G.A.**
DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION OF ALMATY ............................137

**Rakhymkulov D.A.**
ON THE GYMNASIUMS WHERE KAZAKH CHILDREN STUDIED
(second half of the 19th - early 20th centuries) ..................................................................144

**Rakhymkulov D.A.**
ASHEKEY BATYR DAIYRBEKULY AND THE LIBERATION
STRUGGLE IN ZHETYSU ...........................................................................................165

**Rustemov S.K.**
KAZAKHS AND OTTOMAN TURKS:
FROM THE HISTORY OF MUTUAL RELATIONS ...................................................................180

**Sarsenov S.A., Mukanbediyeva G.K.**
THE BEGINNING OF THE ESTABLISHMENT OF THE FIRST
SCHOOLS IN THE BUKEY HORDE ..........................................................................193

**Uaysova Sh.N.**
SCIENTIFIC AND CULTURAL CONNECTIONS OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN WITH THE COUNTRIES OF THE EAST ..................................................199

**EDU.E-HISTORY.KZ**
Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)
*Бас редактор:*Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:* Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.:+7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй